

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

ЗАҢ СЕРИЯСЫ
2022 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

ЮРИДИЧЕСКАЯ СЕРИЯ
ИЗДАЕТСЯ С 2022 ГОДА

ISSN 2958-8618

№ 1 (2023)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Юридическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на перучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания
№ KZ90VPY00046812

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация результатов научных исследований, актуальных проблем
в области права, привлечение внимания к перспективным
и актуальным направлениям юридической науки

Подписной индекс – 76199

<https://doi.org/10.48081/OLTA1334>

Бас редакторы – главный редактор

Жетписов С. К.

д.ю.н., профессор

Заместитель главного редактора

Олжабаев Б. Х., *к.ю.н., ассоц.профессор*

Ответственный секретарь

Жамулдинов В. Н., *к.ю.н., ассоц.профессор*

Редакция алкасы – Редакционная коллегия

Биштыга А.,

доктор PhD, профессор (Республика Польша)

Зайцев О. А.,

д.ю.н., профессор (Российская Федерация)

Ахмеджанова Г. Б.,

д.ю.н., профессор

Ишеков К.А.,

д.ю.н., профессор (Российская Федерация)

Дуйсенов Э. Э.,

д.ю.н., профессор

Дорожинская Е. А.,

д.ю.н., профессор (Российская Федерация)

Балымов Е. К.,

доктор PhD

Омарова А. Р.,

технический редактор

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

© Торайгыров университет

МРНТИ 10.15.59

<https://doi.org/10.48081/INZW4322>***Ж.Т.Кабдулин¹, К. Т.Кабдулина²**^{1,2}Торайғыров университеті, Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

ЖЕКЕ ТҰЛҒА ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕ ҚОРҒАЛУЫ

Мақалада жеке тұлға құқықтарының халықаралық деңгейде қорғалуының халықаралық және ұлттық құқықтық нысандары, сондай-ақ сол мақсатқа жетудің кейбір мәселелері қарастрылған. Автор жаңа уақыттағы ғалымдардың, философтардың және заңгерлердің адам құқығы проблемаларын зерттеуде көп жетістіктерге жеткендерін, ХІХ ғасырдың аяғында жаңа жағдайларға сай адам құқығы туралы гуманистік концепция құрылып, индивидтердің қорғалуын тек ұлттық не болмаса әлеуметтік белгілері арқылы шешпей, жәй ғана адам екендігін есептеп шешу енгізілгеніне тоқталып өтті. Құқықтың дамуы және еркіндік, өзінің нәтижесінде адамға халықаралық дәреже берілуіне жеткізді. Сондай-ақ Біріккен Ұлттар Ұйымының жарғысы алғашқы рет, сол деңгейде адам құқығын құрметтеу қажет екендігін жариялап және оны қорғайтын мүмкіншіліктерді қарастырды. 1948 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы Жарғының қажетті жерлерін дамыта отырып: маңызды халықаралық құжат – Адам Құқығының Жалпыға бірдей Декларациясын қабылдап, онда адам туралы жалпы идеалдар жазылып, соған жетуге барлық елдердің талаптануының қажет екендігі, адам құқығының декларациясында негізгі еркіндіктер аталды. Сонымен, адам құқығын халықаралық деңгейге қабылдау жолында маңызды қадамдар жасалып жатқанын ашып көрсетті.

Кілтті сөздер: адам құқықтары, халықаралық қорғау, БҰҰ, Жарғы, саяси, мәдени, әлеуметтік құқықтар, қорғау механизмі, декларация.

Кіріспе

Демократияның негізгі алатын дінгегі – адам құқығы болып табылады. Адам құқығы сақталмаған жерде немесе сөз жүзінде сақталып, іс жүзінде жүзеге аспаған жағдайда халық билігінің де мәні болмайды, демократиялық

институттар да жұмыс істемейді. Адам құқығы – демократияның өмір сүруінің ең бірінші шешуші шарты. Адам құқығы – жұмыр жердегі барлық адамзат баласына тиісті әрқайсымыздың дүниеге келген кезеңнен бастап ие болған құқығымыз. Біздің адам екендігіміз – сол құқықтардың иесі екендігіміздің белгісі. Бұл құқықардан адамды айыру мүмкін емес. Себебі, оны бізге ешкім берген жоқ және бере алмайды да. Біз осы құқықтарды пайдалана отырып қоғам мен мемлекеттің зорлығы мен қысымынан, заңсыздығынан қорғана аламыз, теңдік пен еркіндікті жүзеге асырамыз. Адам құқығы – табиғи құқық. Оны шектеу немесе мойындамау мүмкін емес. Құдайдың, табиғаттың берген құқығында да, мемлекеттің де, басшының да, заңдар мен ережелерде маңызды емес. Мемлекеттің негізгі міндеті осы құқықтардың бұзылмауына кепілдік болу. Әркімнің құқық субъектісі ретінде танылуына құқығы бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға хақылы [1, 13 б]. Қоғамдағы заңдардың ешқайсысы адам құқығына қайшы келмеуін мемлекетпен қоса қоғамдық ұйымдар да қатаң бақылап отырады. Демек, адам құқығының сақталуы – мемлекеттің бірінші кезектегі міндеті. Қандай қоғам болмасын басқару жүйесі адамдардың құқықтарын шектей отырып, өз биліктерін жүргізу жолын жеңілдетуді ойлайды

Тарихқа көз жүгіртіп салыстырсақ, қазіргі адам құқықтары бұрынғадан қарағанда едәуір өзгеріп отыр. Осы жылдар ішінде Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болып, адам құқықтары жөніндегі Халықаралық шарттар мен конвенцияларды өз міндеттеуіне алды. Қазіргі кезде Еуропаның қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы, Еуропа кеңесі демократияны қолдау ұйымдарымен және тағы басқа халықаралық бірлестіктермен адам құқықтары жөнінде, баспасөз бостандығы, сот тәуелсіздігі сияқты мәселелермен тығыз байланыс жасауда [2, 105 б.].

Материалдар мен әдістер

Зерттеу мәселесі бойынша ғылыми және арнайы әдебиеттерді теориялық талдау; зерттелетін тақырып бойынша нормативтік құжаттарды талдау; конституциялық құқық саласындағы тәжірибені талдау және қорыту; байқау; деректерді өңдеу бойынша әдістер қолданылды. Зерттеуде сондай-ақ әлеуметтік құбылыстарды білуге диалектикалық көзқарас, оларды объективті және субъективті факторлардың жиынтығы аясында тарихи даму мен жұмыс істеуде талдауға мүмкіндік береді, ол келесі әдістерді таңдауды анықтайды: логикалық, тарихи, жүйелік әдістер қарастырылады.

Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясында 1966 жылы қабылданған екі Пакті де (Әлеуметтік, экономикалық және мәдени құқықтар жөніндегі халықаралық пакт, Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі халықаралық

пакт) мемлекеттің халықаралық ынтымақтастықта әрқайсылары өздерін қамтамасыз ету үшін, көрсетілген белгілі құқықтарды пайдалану қажеттігі белгіленеді [3].

1948 жылы дата желтоқсанда адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясы қабылдануымен адам құқықтарын кодификациялау процесі басталды. Адам құқықтары институтын және процедураларын жақсарту оларды іс жүзіне асыру және қорғау шаралары енгізілді [4]. Осы жолда адамзаттың жарты ғасырлық тәжірибесі адам құқықтары және бостандықтарын жеткілікті дәрежеде қамтамасыз етудің және қорғаусыз демократияға, құқықтық мемлекетке қол жеткізу және әлеуметтік-экономикалық өрлеу мүмкін емес.

Қазақстан Республикасының конституциялық даму жағдайында маңызды қоғамдық қатынастарды конституциялық реттеу механизмдерін зерттеу, оның әлеуметтік-құқықтық тиімділігін анықтау өзекті мәселе болып отыр. Конституциялық реттеу механизмі кешенді саяси-құқықтық жүйе ретінде республикадағы конституциялық-құқықтық қатынастардың дамуына әсер етеді. Конституциялық реттеу дегеніміз Конституция және конституциялық заңдардың қоғамдық қатынастарға арнайы конституциялық құралдар: конституциялық қағидалар мен нормалар, өзге конституциялық актілердің нормалары, нақты конституциялық-құқықтық жағдайларды шешуге бағытталған конституциялық-құқықтық қатынастар және субъектілердің құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыру актілері арқылы әсер етудің негізгі формасы [5, 464 б.]. Адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау да маңызды қоғамдық қатынастардың бірі болғандықтан конституциялық реттеудің механизмдері қолданылады.

Адам құқықтары мен бостандықтары құқықтың ерекше саласы боп табылады. Өйткені оның құрамында адамзаттың ортақ өмір сүруіне қажетті құндылықтар: өмір сүру бостандықтары, жеке автономия және т.б. жинақталған. Бұл құндылықтар адам құқықтарында өзінің нормативті бекітілген және құқықтық құралдарымен институт арқылы қамтамасыз етілген. Қазақстан әлемдік реформа бағытымен жүре отырып адам құқығын ең жоғары құндылық ретінде жариялаған және бұл салада халықаралық стандарттарға сүйенеді. Бұл стандарттар Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында (1948 жылы) Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар жөніндегі халықаралық пакт (1966 жылы) Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі халықаралық пакт (1966 жылы) Құқықтар мен бостандықтарды қорғау жөніндегі Еуропалық конвенция (1950 жылы) және басқалар да бекітілген. Өкінішке орай, Қазақстан Республикасын бұл жоғарыда аталған халықаралық құжаттарға қосылмаған [6].

Қазақстанның танымал құқықтанушы ғалымы Н.Шайкенов адам құқықтары өз табиғатында адамның өмір сүруге қажетті негіздерін қамтамасыз етуге бағытталған, онсыз Адам да жоқ. Құқықтардың санамасы қоғамның және мемлекеттің материалдық мүмкіндіктеріне байланысты [7, 200 б.]. Құқықтар мен бостандықтарды жариялап қана қою аз, оларды материализациялап, іс жүзіне асыру қажет, бұл міндет өте күрделі. Қоғам қазіргі кезде адам құқықтарының табиғи және айырылмастығын енді ғана сезініп, оларды қамтамасыз ету және толық кепілдікке беруге қабілетсіз болып отыр. Бұл қайшылық күннен күнге әлеуметтік араздықты, халықтың қарсылығын және риза еместігін тудырып отыр. Сондықтан, адам құқықтарының теориясын және тәжірибесін бөліп қараған дұрыс. Адам құқықтары қағаз жүзінде оңай жарияланғанымен оларды іс жүзіне асыру күрделі процедура. Қазіргі кезде Қазақстан Республикасы өмір сүру деңгейі жағынан төменгі сатыда тұрғаны ешкімге құпия емес. Сондықтан халықаралық стандарттарға кіретін кейбір әлуметтік, экономикалық құқықтарды қамтамасыз ете алмай отыр.

Нәтижелер және талқылау

Жеке тұлғаның құқықтары бұрынырақта тоталитарлық режим бұзған болса, қазіргі кезде олар посткоммунистік демократияның артықшылықтарынан және конфронтациялық процестерден жапа шегіп отыр. Тәжірибеден аңғарғанымыз қаржылық қамтамасыз етуді қажет етпейтін құқықтар мен бостандықтардың өзі әр кезде толық қорғалып отырған жоқ. Адам басқару кемшіліктері мен стихиялары алдында өздерін қорғансыз сезініп отыр. Бұл жерде көңіл жұбатарлық бір жәйт ешбір мемлекеттерде адам құқықтары жүз пайыз қамтамасыз етілмеген, әр мемлекетте өздеріне тән проблемалары бар.

Құқықтарды қамтамасыз етуде қоғамда болып жатқан катаклизмдер әлеуметтік ахуалды нашарлатады, саяси тұрақсыздық, криминогендік жағдайдың шиеленісуі, сыбайлас жемқорлық, құқықтық нигилизм, нарықтық қатынасқа өту қиындықтары және өзге факторлар кедергі жасайды. Адам құқықтары мен заңды мүдделері теңсіздіктер мен әділетсіздіктердің көрінісі негізінде қыспаққа алынады [8]. Дәлірек айтсақ, адам құқықтары мен бостандықтары институтының жүзеге асырылуына қажетті әлеуметтік орта қалыптаспаған. Құқық бар, ал құндылық жоқ, заң бар, ал оның мақсаттары жүзеге асырылмайды.

Әділетті, құқықтық мемлекет құрудың басты мәселесі азаматтарды материалдық қамтамасыз етумен байланысты әлеуметтік саясат болып отыр. Қай қоғам болмасын оның өмір сүруінің негізі материалдық құндылықтарын, өмірлік қызмет бағыттарын белгілейтін маңызды фактор материалдық

қажеттіктер және оларды қанағаттандыру болып табылады. Адамдардың материалдық молшылыққа жетуге ұмтылуы материалдық қатынастардың дамуының стимуляторы. Материалдық құндылықтарды бөлу және қайта бөлу кезіндегі құқықтық мәселелерді шешудегі қателіктер немесе сауатсыздық мемлекеттік жүйенің жойылып кетуіне, формациялардың өзгеруіне әкеліп соқтырғанын тарихтан көруге болады [5, 462 б.]. Сондықтан мемлекет үшін халықты әлеуметтік қамтамасыз ету басты мәселе болуы керек.

Адам құқықтарын халықаралық қорғауды реттейтін нормалар көпжақты халықаралық келісім – шарттар жасау жолымен қалыптасады [9]. Бұл шарттарға қосыла отырып мемлекет өзінің егеменді құқықтарынан бас тарта отырып, оларды халықаралық ұйымдарға береді, ал олар өз тарапынан мемлекеттің бұл саладағы ішкі ісіне араласу құқығын жүзеге асырады.

Біздің ойымызша, адам құқықтарын халықаралық қорғау мына механизмдерден тұрады:

- адам құқықтары жөніндегі нормативтік базаны құру және оған әлем мемлекеттерінің басым бөлігі қатысуы тиіс және олар адам құқықтары жөніндегі бұрын қабылданған 6 халықаралық негізгі құжаттарды тануы және мойындауы тиіс деген талап қою. Яғни, Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі халықаралық Пакт, Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар жөніндегі халықаралық Пакт, Нәсілділік дискриминацияның барлық түрлерін жою жөніндегі халықаралық Конвенция, Әйелдерге қатысты барлық дискриминация формаларын жою жөніндегі халықаралық Конвенция, Азаптау және өзге де қатыгездік, адам қадір қасиетін төмендететін қарым-қатынастарды жою жөніндегі халықаралық Конвенция, балалардың құқықтары жөніндегі халықаралық Конвенцияларға қосылуы тиіс;

- Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі халықаралық Пакт негізінде адам құқықтарын қабылдау комитеті мемлекеттердің осы мәселелер жөніндегі есебін қарау;

- Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі халықаралық Пактінің бірінші хаттамасына қол қойған мемлекеттердің жекелеген азаматтарының шағымдарын қарау;

- адам құқықтары саласындағы мемлекеттердің өзара міндеттемелерін орындамағандығы жөніндегі претензияларын қарау;

- адам құқықтарын бұзған тұлғалардың тізімін жасап, оларға қатысты жеке қылмыстық іс қозғау мәселелерін қарастыру;

- адам құқықтары жөніндегі аймақтық комиссиялар құру (Еуропа Кеңесі, Страсбургтегі адам құқықтары жөніндегі Еуропалық сот);

- Біріккен Ұлттар Ұйымының адам құқықтары жөніндегі Комиссиясында жартылай тәуелсіз сарапшылардың қатысуымен арнайы тақырыптық зерттеулер жүргізу;

- Халықаралық үкіметтік емес ұйымдарды құру [7, 199 б].

Еуропадағы қауіпсіздік және әріптестік жөніндегі ұйымда адам құқықтарын сыйлау, заңдылық және плюрализмді сынауға негізделген ерекше тәртіп орнатылған. Ол тек мемлекет және жеке тұлға арасында ғана емес үкімет құрылымын, саяси жүйені және үкімет аралық институттарды да қамтиды. Бұл ұйым шеңберінде плюралистік демократияға негізделген саяси жүйе және адам құқығын қорғау бір бірімімен егіз ұғым деген көзқарас нық қалыптасқан [10, 135 б]. Сол себептен де адам құқықтары саласында мемлекеттің ішкі саясатына араласпау қағидасы қолданылмайды. Еуропадағы қауіпсіздік және әріптестік жөніндегі ұйымның негізгі ұстанатын қағидасы жалпыға бірдей қауіпсіздікті қамтамасыз ету болып табылады.

Қорытынды

Сөзімізді қорыта келе, мемлекеттің адам құқықтарын қорғау жүйесін нығайту үшін мемлекеттің және қоғамның барлық құрылымдары ат салысуы тиіс екендігіне назар аударамыз. Өйткені қоғам мен мемлекеттің ең басты мұраты адамға деген қамқорлық, оның өмірін, денсаулығын, құқықтары мен бостандықтарын мемлекеттің ең жоғарғы құндылығы ретінде жоғары бағалап, құрметтеу болып табылады. Адам құқықтары саласындағы қоғам және мемлекет саясаты әлеуметтік әділеттік, әлеуметтік жауаптылық қағидаларынан тұратын бағыттар мен идеяларға сүйенуі тиіс. Осы саясатты жүзеге асыру барысында адамға заңдық және нақты жағдайлар – материалдық, саяси, әлеуметтік және тағы басқалар жасалады, ал бұл жиынтығында әр Қазақстан азаматының құқықтары мен бостандықтарын толық және шынайы жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Сондықтан, Қазақстан адам құқықтары жөніндегі халықаралық келісімдерді ратификациялап, мемлекетте халықаралық адам құқықтарын қорғау механизмдерін енгізуі тиіс, бұл шаралар жүзеге асырылмайынша қоғамдағы демократиялық өрлеу мүмкін емес.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Қ Р Конституциясы (1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды) (2022.19.09. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) [Constitution of the Republic of Kazakhstan (adopted at the republican referendum on August 30, 1995) (with amendments and additions made on 09.19.2022)]

2 **Межибовская, И. В.** Правовое регулирование защиты социально-трудовых прав социально уязвимых групп населения в Республике Казахстан. Учебное пособие. – Алматы: КазНУ, 2014. – 105 с.

3 **Мацькевич, М. М.** Конституційно-правові засади забезпечення культурних прав і свобод людини та громадянина в Україні: монографія / М.М. Мацькевич. – Івано-Франківськ: Місто НВ, 2012. – 464 с.

4 «Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясы» Декларация Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының резолюциясымен 1948 жылғы 10 желтоқсанда № 217 А (III) қабылданған. [Электрондық ресурс] – <http://adilet.zan.kz>

5 «Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар жөніндегі халықаралық пакт». 1966 жылғы 16 желтоқсанда Нью-Йоркте жасалған. [Электрондық ресурс] – <http://adilet.zan.kz>

6 «Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық Пакт». Нью-Йорк, 16.12.1966. [Электрондық ресурс] – <http://adilet.zan.kz>.

7 Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Конвенция. Рим, 4 қараша 1950 ж. (21 қыркүйек 1970 жылғы, 20 желтоқсан 1971 жылғы, 1 қаңтар, 6 қараша 1990 жылғы, 11 мамыр 1994 жылғы енгізілген өзгерістерімен). [Электрондық ресурс] – <http://adilet.zan.kz>.

8 **Бусурманов, Ж. Д.** Адам құқықтарының Еуразиялық концепциясы / Ж. Д. Бусурманов, И. С. Сақтаганова. – Алматы: Эверо, 2014. – 200 б.

9 Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия туралы ереже Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 2003 жылғы 19 наурыз № 1042 [Электрондық ресурс]. – Қолжетімділік тәртібі: [Электрондық ресурс] – http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U030001042_.

10 **Абашидзе, А. Х.** Универсальные механизмы защиты прав человека: учеб. пос. / А. Х. Абашидзе, А. О. Гольтяев. – М. : Юнити-Дана, 2013. – 135 с.

REFERENCES

1 Konstitucija Respubliki Kazaxstan (prinyata na respublikanskom referendume 30 avgusta 1995 goda) (s izmeneniyami i dopolneniyami po sostoyaniyu na 19.09.2022 g.). [The Constitution of the Republic of Kazakhstan (adopted at a republican referendum on August 30, 1995) (as amended and supplemented as of September 19, 2022).]

2 Mezhibovskaya, I. V. Pravovoe regulirovanie zashchity social'no-trudovyh prav social'no uязvimykh grupp naseleniya v Respublike Kazahstan. [Legal regulation of the protection of social and labor rights of socially vulnerable groups

of the population in the Republic of Kazakhstan] Uchebnoe posobie. – Almaty : KazNU, 2014. – 105 p.

3 Mac'kevich, M.M. Konstitucijno-pravovi zasadi zabezpečennya kul'turnih prav i svobod lyudini ta gromadyanina v Ukraïni: monografiya / M.M. Mac'kevich [Constitutionno-pravovi zasadi zabezpečennya cultural rights and freedoms of lyudinia hromadyanina in Ukraine: monograph]. – Ivano-Frankivs'k: Misto NV, 2012. – 464 p.

4 «Adam құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясы» [Universal Declaration of Human Rights]. Deklaraciya Birikken Ұлттар Ұжымы Бас Ассамблеясының резolyуциясымен 1948 жылғы 10 желтоқсанда № 217 А (III) қабылданған. [Electronic source] – [http:// adilet.zan.kz](http://adilet.zan.kz).

5 «Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар жөніндегі халықаралық пакт» [[«International Covenant on economic, social and cultural rights»]. 1966 жылғы 16 желтоқсанда N'yu-Jorkte жасалған. [Electronic source] – [http:// adilet.zan.kz](http://adilet.zan.kz).

6 «Azamattық және sayasi құқықтар туралы халықаралық Пакт» [«International Covenant on Civil and political rights»]. N'yu-Jork, 16.12.1966. [http:// adilet.zan.kz](http://adilet.zan.kz).

7 Adam құқықтары мен negizgi бostandyқтарын қорғау туралы Конвенция [Convention on the protection of Human Rights and fundamental freedoms]. Rim, 4 қараша 1950 zh. (21 қыркүйек 1970 жылғы, 20 желтоқсан 1971 жылғы, 1 қаңтар, 6 қараша 1990 жылғы, 11 мамыр 1994 жылғы енгізілген өзгерістерімен). [Electronic source] – <http://adilet.zan.kz>

8 **Busurmanov, ZH. D.** Adam құқықтарының Euraziyalyқ koncepciyasy / ZH.D. Busurmanov, I.S. Saktaganova [Eurasian concept of Human Rights / zh.d. Busurmanov, I. S. Saktaganova]. – Almaty : Evero, 2014. – 200 p.

9 Қазақстан Республикасы Президентінің zhanындағы Adam құқықтары жөніндегі komissiya туралы erezhe [Regulation on the commission on Human Rights Under the president of the Republic of Kazakhstan decree of the president] Қазақстан Республикасы Президентінің ZHarlyғу 2003 жылғы 19 наурыз № 1042 [Electronic source] – [http:// adilet.zan.kz/kaz/docs/U030001042](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U030001042) .

10 **Abashidze, A. H.** Universal'nye mekhanizmy zashchity prav cheloveka: ucheb. pos. / A. H. Abashidze, A. O. Gol'tyaev [[Universal mechanisms for the protection of human rights: study. village / A. H. Abashidze, A. O. Gol'tyaev]. – M. : YUniti-Dana, 2013.

Материал баспаға 13.02.23 түсті.

* Ж. Т. Кабдулин¹, К. Т. Кабдулина²

^{1,2}Торайғыров университет, Республика Казахстан, г. Павлодар

Материал баспаға 13.02.23 түсті.

ЗАЩИТА ПРАВ ФИЗИЧЕСКИХ ЛИЦ НА МЕЖДУНАРОДНОМ УРОВНЕ

В статье рассмотрены международные и национальные правовые формы международной защиты прав личности, а также некоторые вопросы достижения этой цели. Автор отметил, что тем, кто добился больших успехов в изучении проблем прав человека учеными, философами и юристами нового времени, в конце XIX века была создана гуманистическая концепция прав человека в соответствии с новыми обстоятельствами, и было введено решение о защите индивидов, считая, что они всего лишь люди, а не только национальные или социальные черты. Развитие права и свободы, в результате чего человеку присваивается международная степень. Устав Организации Объединенных Наций также предусматривал возможности, которые впервые, на том же уровне, провозглашают необходимость уважения прав человека и защищают его. В 1948 году Генеральная Ассамблея Организации Объединенных Наций, разрабатывая необходимые места Устава: приняв важный международный документ – Всеобщую Декларацию прав человека, в которой были прописаны общие идеалы о человеке и требовались требования всех стран к его достижению, в декларации прав человека были названы основные свободы. Так, он показал, что на пути принятия прав человека на народный уровень предпринимаются важные шаги.

Ключевые слова: права человека, международная защита, ООН, Устав, политические, культурные, социальные права, механизм защиты, декларация.

*Zh. T. Kabdulin¹, K. T. Kabdulina²

^{1,2}Toraighyrov University, Republic of Kazakhstan, Pavlodar

Material received on 13.02.23

PROTECTION OF INDIVIDUAL RIGHTS AT THE INTERNATIONAL LEVEL

The article discusses international and national legal forms of protection of individual rights at the international level, as well as some

issues of achieving this goal. The author noted that scientists, philosophers and lawyers of the new time have achieved a lot in the study of human rights problems, and at the end of the XIX century, a humanistic concept of human rights was created in accordance with the new conditions, and the protection of individuals was introduced not only by national or social characteristics, but also by calculating that they are just human. The development of law and freedom, as a result of which a person was given an international degree. Also, for the first time, the Charter of the United Nations declared the need to respect human rights at the same level and provided for the possibility of protecting it. In 1948, the United Nations General Assembly, developing the necessary points of the Charter: adopted an important international document, the Universal Declaration of Human Rights, in which general ideals about man were recorded and the requirement of all countries to achieve it was necessary, the declaration of human rights named fundamental freedoms. Thus, he revealed that important steps are being taken towards the adoption of human rights to the national level.

Keywords: human rights, international protection, UN, Charter, political, cultural, social rights, protection mechanism, declaration.

Теруге 13.02.2023 ж. жіберілді. Басуға 22.02.2023 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

967 Mb RAM

Шартты баспа табағы 6,61.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген А. М. Мыржикова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А Кожас

Тапсырыс № 4023

Сдано в набор 13.02.2023 г. Подписано в печать 22.02.2023 г.

Электронное издание

967 Mb RAM

Усл.п.л. 6,61. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка А. М. Мыржикова

Корректор: А. Р. Омарова, Д. А Кожас

Заказ № 4023

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

<https://vestnik.tou.edu.kz/>